

### **Министрлік ұсынатын кітаптар тізімін жасауға ұсыныстар**

Тізім ашық жасалуға тиіс. Қазір тізім жасау процесі белгілі бір адамдардың қолында, ол жерде лобби қатері өте жоғары. Әдебиетке көркемдік, құндылық тұрғысынан баға берілмей жатады. Оның үстіне, миллиондаған аталым әдебиеттен мың аталымды іріктеп алу қиын болғандықтан, көп нәрсе кірмей қалып жатады.

Ұсыныс: әр баспадан каталог алып, солардағы аннотациясы, құндылық бағдары, тәрбиелік мәні, көркемдік құндылығы сынды сипаттамаларға қарай, көпшілік дауысқа салып іріктеу керек.

Тізімнің ұсыныс сипаты сақталса. Көп жағдайда ол тізім міндетті деген сипатпен алға тартылып, оның сыртында жарияланып жатқан жақсы дүниелер еленбей қалып жатады.

### **Кітапханашылардың біліктілігін арттыру**

Кітапханашылардың қазіргі кітап нарығы туралы хабардарлық деңгейін арттыру. Онлайн бюллетень әзірлеу. Ай сайын жаңа шығып жатқан кітаптар туралы ақпарат беретін каталогтар тарату керек. сонда әр кітапханашы жаңа шығып жатқан кітаптар туралы, олардың мектеп бағдарламасына қатысы, баланың жас шамасы мен құндылық бағдарына берері туралы ақпарат алып, соны мектепке алу не алмау жағын өзі шеше алады.

Кітапханашылар мен әдебиет және басқа пән мұғалімдері арасында сабақтастық орнату. Пән мұғалімдері кітапханашыға өз пәні бойынша балаларға қосымша оқыту керек деген кітаптарын ұсынып, сұратып отырса.

Сонда қорда кітап толып тұр, ал оқитын ештеңе жоқ деген мәселе болмас еді.

**Кітап көрмелерін ұйымдастыру.** Аудан орталықтарында кітап көрме, жәрмеңкелер ұйымдастырып, кітапханашылар мен пән мұғалімдерінің кітаптарды ұстап, парақтап көруіне мүмкіндік беру, баспагерлермен таныстырып, каталогтарға қол жеткізуін ұйымдастыру. Оқушылардың өзі де кітаптарды көрсе, кейін кітапханаға сұраныс бере алады.

### **Кітаптарды мемлекеттік сатып алу саласына қатысты ұсыныстар**

1. Әр мектеп кітапты өзі сатып алуы керек. Біріншіден, әр кітапханада әр кітап қоры әр түрлі. Орталықтан бәріне сатып алып бере салса, онсыз да қорында бар кітапты тағы алады. Оның орнына өзінде жоқ, қажет кітапты сатып ала алар еді. Екіншіден, ол сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық қатерін азайтады. Қазір әкімшілік ресурстарды қолданып, немесе басқа да тәсілдермен кітап сатуға ниетті өнім берушінің білім басқалары, бөлімдерімен келісімге келу, жемқорлық жолымен кітабын өткізуі оңай. Ал әр мектеп өз жоспарына сәйкес өзі сатып алса, бұл бір

орталықпен келісіп шешуді қиындатып, осы саладағы жемқорлықты болдырмауға ықпал ете алады.

**2.** Техникалық ерекшеліктерде кітапты шығаратын баспа атауын көрсетуді тоқтату қажет. Мемлекеттік сатып алу заңында техникалық ерекшелікте өнім өндіруші атауын көрсетуге тыйым салынған. Алайда мектептердің барлығы дерлік бұл талапты орындап отырған жоқ. Кітап өндірісі саласында бір кітапты бірнеше баспа шығаратын жағдайлар көп. Бір ғана баспа атауын көрсету сол кітапты шығаратын басқа да баспалардың қатысуын шектейді. Бұл Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 4 бабына қайшы. Тапсырыс беруші өнім берушілер арасында тең бәсекені қамтамасыз етуге, біреуіне басымдық бермеуге міндетті. Сонымен бірге мемлекеттік сатып алудың негізгі мәні, мақсаттарының бірі – мемлекет бюджетін тиімді жұмсау, неғұрлым арзан бағаға мүмкіндігінше ең сапалы тауар. Алу. Ал бір баспаның атауын көрсету бәсекені шектеп қоймай, дәл сол өнімді арзанырақ бере алатын басқа баспаларға шектеу қояды. Сөйтіп мемлекет қаржысын үнемді, тиімді жұмсау қағидасы бұзылады (Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 4 бабы).

**3.** Бұрынғы Білім министрлігі түзген мектептер мен кітапханаларға сатып алатын кітаптар тізіміне сәйкес сатып алу кезінде сол тізімдегі кітаптар арасында паритет сақтау. Көп жағдайда тізімнің бір бөлігі ғана қамтылып, қалған бөлігі мүлде ескерусіз қалады. Нәтижесінде мектептер Министрлік ұсынған тізімдегі кітаптарды толық көлемде ала алмайды. Тек бір бөлігін ғана алады.

**4.** Әр мектеп кітапханашысында кітап сатып алуға арналған нұсқаулық болғаны дұрыс. Кітаптар тізімін түзгенде нені ескеруге, не білуге тиіс және т.б. мәселелер қамтылатын нұсқаулық.

**5.** Әр мектеп кітапханашысында қазақстандық баспалар мен өнімдер жайлы толық ақпарат болуға тиіс (баспа атауы, өнімдер, техникалық және басқа да сипаттамалары, бағасы). Көп жағдайда мектептер кітап сатып алу жоспарлаған кезде алатын кітаптарының сипаттамасын толық бермейді. Жалпылама атауы ғана көрсетіледі. Оның өзінде кітаптардың авторлары, атаулары қате көрсетіліп жатады. Ал баға белгілеуде сол кітаптың нарықтағы, баспадағы бағасы мен мектеп жариялаған бағада үлкен айырма болып жатады. Нәтижесінде сатып алулар өтпей қалу, жоспарды өзгерту, қайта жариялау жиі болып тұрады. Бұл мектепке қажет кітаптар уақтылы жетпей қалуы, бөлінген қаржының уақтылы игерілмей қалуына себеп болады. Сонымен бірге баспалар мен өнімдері жайлы толық ақпараты болмағандықтан, көбіне өзіне таныс, бұрыннан шығып келе жатқан кітаптар ғана алынып, соңғы жылдары шыққан, жаңа, сапалы кітаптар алынбай қалады. Бұл оқушылардың кітап саласындағы жаңалықтан бейхабар қалып, жаңа әдебиеттерді оқу мүмкіндігін шектейді. Барлық кітапханашыда отандық баспалар жайлы

толық ақпарат болса, осы кемшіліктердің алдын алып, мектептерді уақтылы, сапалы кітаптармен қамтамасыз ету жақсарар еді.

6. Кітап сатып алу кезінде барлық кітапты бір лотпен жариялаудың алдын алу қажет. Қазір мектептердің барлығы дерлік жоспардағы 100-200 кітапты бір лотпен сатып алады. Барлық кітапқа бір ғана техникалық ерекшелік жасалады. Ол жағдайда бір баспа басқа баспалардың кітаптарын жеткізіп бере алмайтындықтан ол сатып алуға қатыспай, нәтижесінде сатып алулардың өтпей қалатын жағдайы жиі кездеседі. Екіншіден, өнім өндіруші баспалар қатыспаған соң, ол сатып алуларға делдал компания, жеке кәсіпкерлер қатысып, кітап тапсырыс беруші мен өнім берушінің арасында бірнеше делдалдан өткендіктен, бағасы қымбатқа түседі. Сәйкесінше мемлекет бюджетін тиімді, үнемді жұмсау мүмкіндігі төмендейді. Сол себепті мектептерге кітап сатып алу кезінде әр кітап сатып алу жоспарына жеке пункт ретінде енгізіліп, жеке лот (бір объявление бола береді) түрінде жариялануға тиіс. Қазір Мемлекеттік сатып алу заңында біртекті тауарды жеке лоттарға бөлуге міндетті (5 бап, 3 тармақ). Алайда бұл талап қазір орындалып отырған жоқ. Біртекті дегенді тапсырыс берушілер кітап деген атауына қарай түсініп, әр кітаптың атауы, авторы, мазмұны, басқа сипаттамалары әр түрлі болатыны, сәйкесінше әр кітап әр текті тауар түріне жататынын ескере бермейді. Заңның осы талабы дұрыс орындалуын қадағалау қажет немесе заңның өзінде немесе Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы бұйрыққа қосымша нақтылау енгізу қажет.

7. Мектептер мен кітапханаларда жұмыс істейтін мемлекеттік сатып алу мамандарының біліктілігін арттыру қажет. Мемлекеттік сатып алу саласындағы көп кемшіліктер, заң бұзатын жағдайлар мамандардың білім деңгейі төмен болуынан да болып жатады. Мүмкіндігінше мемлекеттік сатып алу маманы жеке қызметкер болуға тиіс. Қазір мемлекеттік сатып алу маманының жұмысын көбіне мекеме бухгалтері атқарады. Бұл біріншіден, қосымша жұмыс ретінде жұмыс тиімділігін төмендетсе, екіншіден, сол сала маманы айналыспағандықтан, білместіктен көп кемшілікке себеп болып отыр.